

**Мәртөк аудандық мәслихатының 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 108 "Мәртөк ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2025 жылғы 10 қыркүйектегі № 241 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 11 қыркүйекте № 36820 болып тіркелді

Мәртөк аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәртөк аудандық мәслихатының 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 108 "Мәртөк ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8572-04 болып тіркелген) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен айқындалған Мәртөк ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

4 тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Аз қамтылған отбасы (азамат) (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінеді.";

9 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың толық жиынтығын қабылдаған күннен бастап құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау не бас тарту туралы дәлелді жауап не "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру мерзімі 6 (алты) жұмыс күнін құрайды."

2. "Мәртөк аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Мәртөк аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

